

Сауд Арабиясы



Рәміздері



Сауд Арабияның
туы



Сауд
Арабияның
елтаңбасы

Ұраны: <Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Аллаһтың елшісі>

Әнұраны: «Жасасын патша!»

Саудтық риал




Тарихы

Астанасы **Эр-Рияд қаласы**. Халық саны 4 878 473 адам (2010 жылғы халық санағы бойынша). Бұл жерлерді алғашында көшпенді араб тайпалары мекендеген болатын. 1902 жылдан бастап Неджд аймағының орталығы болып, 1932 жылы мемлекеттің астанасы болды. Бұрын қала шағын қалашық болған. Мұнай өндірісінің дамуы қаладағы халық санының өсуіне ықпалын тигізді. Қазіргі таңда Эр-Риядта заманауи жобалармен салынған ғимараттар бой көтерген

Орналасқан орны

Сауд Арабиясы Араб түбегінде орналасқан ең үлкен мемлекет. Арабия — Оңтүстік-Батыс Азияда орналасқан, дүние жүзіндегі ең ірі түбек (ауданы 3 млн. км²). Ол Жерорта, Қызыл, Араб теңіздерімен қоршалған. Құрлықтағы шартты шекарасы солтүстігінде Месопотамия ойпаты, Парсы шығанағы, Ормуз мойнағы, Оман шығанағы арқылы өтеді. Оңтүстік шекарасы Акаба шығанағы, Қызыл теңіз, Баб-әл-Мандеб бұғазы. Аден шығанағы арқылы Араб теңізінің батыс жағалауымен жалғасады. Араб түбегіне түгелімен Сауд Арабиясы, Иордания, Йемен республикасы, Оман, Бахрейн, Кувейт, Ливия, Палестина, Израиль мемлекеттері және Сирия мен Ирактың бір бөлігі енеді.



Климаты

Климат тропикті, солтүстікте — субтропикті. Саул Арабияның жазы ұзақ, ыстық және құрғақ, орташа температурасы — 30°C , қысқы күндері $+12^{\circ}\text{C}$. Жылдық жауын-шашын мөлшері 100 мм.



Мемлекеттік басқару жүйесі

Басқару жүйесі —
абсолютті теократты
монархия.

Мемлекет басшысы
– патша, шексіз
билік иесі. Мемлекет
тең 12 бөлікке
бөлінген.



Сауд Арабияның табиғаты



Сауд Арабия ландшафты



Экономикасы

- Сауд Арабиясында мұнай алғаш рет 1936 жылы табылды. 2002 жылы елде күніне 10,5 млн баррель мұнай өндірілді. Корольдікте бұл қазба отынның бүкілдүниежүзілік қорының 1/4-не жуығы шоғырланған. Экспорт құрылымында мұнайдың үлесі 97%-ға жетеді. Мұнай кен орындарының көпшілігі елдің шығысында, Парсы шығанағының жағалауында орналасқан. Мұнайды экспортқа шығарудан түсетін орасан пайда қазіргі заманғы қалалар, жолдар мен порттар салуға, инфрақұрылымды дамытуға, мектептер мен ауруханаларды қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жарақтандыруға мүмкіндік берді. Қаржы сондай-ақ өнеркәсіптің мұнай-химия, металл өңдеу мен дәрі-дәрмек жасау сияқты салаларын құруға да бағытталады.
- Сауд Арабиясы мұнайды экспортқа шығаратын елдер ұйымында (ОПЕК) жетекші орынды иеленді, бұл оған көптеген халықаралық өткір проблемаларды шешуге ықпал етуге мүмкіндік береді.



Ауыл шаруашылығы

Сауд Арабиясында тұрақты өзендер немесе ірі көлдер жоқ. Ауыл шаруашылығында дәстүрлі мал шаруашылығы - түйе, қой, ешкі, есек пен жылқы өсіру басым. Көшпелі бәдеуилер өз үйлерімен бірге бір жайылымнан басқасына көшіп-қонып жүреді. Өңдеуге жарамды жерлер елдің оңтүстік-батысындағы Асир таулы ауданы мен корольдіктің солтүстігінде шашыраған шұраттарда ғана бар. Алайда суландырудың қазіргі заманғы әдістерінің арқасында егіншілік жедел қарқынмен дамып келе жатқан салаға айналады. Теңіз суын тұщыландыру кең көлемге ие болды. Шөл даланың ортасында дөңгелек формасындағы егін алаптары созылып жатыр. Суару айналатын қондырғылар арқылы жүзеге асырылады. Негізгі дақылдар — бидай, арпа, құрма, көкөністер, бақша өсімдіктері мен жемістер..



Халқы

2006 жылғы санақ бойынша Сауд Арабия халқы 27,02 миллион адам, оның ішінде 5,58 миллион шетелдіктер. Туу көрсіткіші 29,56 (1000 адамға), өлім — 2,62. Сауд Арабия халқы тез өсіп келеді (жылына 1-1,5 млн). 14 жасқа толмаған, азаматтығы барлар жергілікті халықтың 40% құрайды. 1960 жылдарға дейін Сауд Арабияны бәдәуилер мекен етті.



Діні

Мемлекеттік
діні
- Ислам діні






Әйгілі қалалары

Мекка — дүние жүзі мұсылмандарының қасиетті үш қалаларының бірі. Мұнда Мұхаммед пайғамбар дүниеге келген.

Медине — мұсылмандардың қасиетті қаласы.

Жидда — Қажылыққа барғандардың көбі осы порт арқылы Мәккеге барады.

Қағба. Мекке қаласы



Қасиетті мешіт Мекке қ.



Мекке қаласы



Джидда қаласы



Faisalabad мұнарасы. Эр-Рияд ҚАЛАСЫ



Патша мұнарасы. Эр-Рияд қаласы. Сауд Арабиядағы ең биік ғимарат, биіктігі 302 м. Бұл биіктіктен 37-ші орын алады.



Alkozam мұнарасы. Жидда қаласы.



Масжид эль-Набави. Пайғамбар мешіті. Медине қаласы



Сауд Аравиясы: Жидда қаласындағы мешіт.



Мекке қаласындағы «Қызыл мешіт»







Соңы!!!